ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЫДЫС
Қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынау әдістері

ТАРА
Методы испытаний на герметичность и гидравлическое давление

ҚР СТ ГОСТ Р 51827-2008

ГОСТ Р 51827-2001 Ыдыс.
Қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынау әдістері (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЫДЫС

Қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынау әдістері

ҚР СТ ГОСТ Р 51827-2008

ГОСТ Р 51827-2001 Ыдыс.
Қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынау әдістері (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «АлматыОблСпецМонтаж» ЖШС **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 621-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 51827-2001 «Ыдыс. Қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынау әдістері» ұлттық стандартымен бірдей. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының қажеттіліктерін ескеретін қосымша ережелер А қосымшасының 2-бөлімінде курсивпен ерекшеленіп берілді.

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормалары іске асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Сынау, бақылау құралдары және қосымша құрылғылар	2
5	Қауіпсіздік талаптары	6
6	Үлгілерді іріктеу	6
7	Сынақ жүргізуге дайындық	6
8	Сынақтар жүргізу тәртібі	7
9	Өлшеулердің рұқсат етілген қателігі	10
10	Сынақ нәтижелері	10
11	Сынақ нәтижелерін рәсімдеу ережесі	11
А қосымшасы (ұсынылатын) Сынау, бақылау құралдары және ыдысты сынау үшін қолданылатын қосымша құрылғылар		12
Б қосымшасы (ұсынылатын)		15
В қосымшасы (ұсынылатын) Сынақ хаттамасының нысаны		17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЫДЫС
Қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынау әдістері

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт өнеркәсіптік және тұрмыстық қолданылатын өнімдерді, оның ішінде тамақ және химия өнімдерін орау, тасымалдау және сақтау үшін пайдаланылатын ыдыстарға таралады және ыдыстың қымтақтығын және гидравликалық қысымына сынау әдістерін белгілейді.

Әдіс мына ыдыстардың:

- металл және полимер банкалардың (қымтақтығын бақылау);
- полимер бөтелкелер мен үлкен бөтелкелердің (қымтақтығын бақылау);
- металл және полимер бөшке, барабан, фляга, қымтақтығын және гидравликалық қысымын бақылау үшін арналған.

Стандарт аэрозоль баллондарға, ағаш бөшкелер мен 101325 Па (760 мм сын. бағ.) артық қысым астындағы газдарды тасымалдау мен сақтауға арналған ыдыстарға таралмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 2.4-2007 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшем бірлігін салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2001 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Сынақтар жүргізу және өлшеу құралдарының типін бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2004 Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ГОСТ 22.2.04-97 Төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік. Техногенді апаттар мен катастрофалар. Күрделі техникалық жүйелердің күйін бақылауды метрологиялық қамтамасыз ету. Негізгі ережелер мен тәртіптер.

ГОСТ 2405-88 Манометрлер, вакуум өлшегіштер, мановакуумметрлер, арын өлшегіштер, тартым өлшегіштер және тартым-арын өлшегіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 16504-81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімді сынау және сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 17527-2003 Орау. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 21798-76 Толтырылған көліктік ыдыс. Сынау үшін кондиционирлеу әдісі.

ГОСТ 26319-84 Қауіпті жүктер. Орау.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 16504, ГОСТ 17527 бойынша терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Сынау тәсілі**: Сынаудың осы әдісін жүзеге асырудың белгіленген техникалық процедурасы.

3.2 **Қымтақтығын сынау**: Ыдыс пен оның бөлшектерінің сынаудың белгілі бір жағдайларында қымтақтықты қамтамасыз ету қабілетін анықтау үшін жүргізілетін бақылау сынағы.

3.3 **Гидравликалық қысымын сынау**: Ыдыс пен оның бөлшектерінің сынаудың белгілі бір жағдайларында қымтақтықты қамтамасыз ету және сынаудың белгілі бір жағдайларында артық гидравликалық қысымға қарсы тұру қабілетін анықтау үшін жүргізілетін бақылау сынағы.

3.4 **Қымтақтық**: Ыдыстың және оның бөлшектерінің (тұрқы, қақпағы, түбі), сондай-ақ оның жекелеген элементтері мен қосылыстарының газ, бу немесе сұйықтықтың өтуіне кедергі болу қабілеті.

3.5 **Технологиялық жарақтандыру**: Ыдыстың арнайы айлабұйымдармен және сынақтар жүргізуге арналған құрылғылармен жабдықталған қақпағы, тығыны.

3.6 **Сынау құрылғысы (стенд)**: Берілген әдіс бойынша сынақтар жүргізу үшін арналған техникалық құрастырылым, аппарат.

4 Сынау, бақылау құралдары және қосымша құрылғылар


4.1 Сынақ жүргізген кезде ыдыстың түріне, типіне, сынау әдісі мен тәсіліне, бақылау түріне қарай А және Б қосымшаларына сәйкес техникалық сипаттамасы бар сынау құралдарын, бақылау және қосымша құрылғыларды қолданады.

4.2 Сынау әдістері

4.2.1 Ыдыстың қымтақтығын сынау әдісінің мәні ыдыстың сыналатын үлгісінің ішінде ауаның артық қысымын жасаудан және сыналатын ыдысты сынау тәсіліне қарай ауаның жылыстауы немесе қысым өзгерісінің (түсуінің) бар-жоғы бойынша қымтақтықты бақылауды жүзеге асырудан тұрады.

4.2.2 Ыдыстың қымтақтығын сынау әдісін сынаудың бес тәсілінің бірімен жүргізеді:


1-тәсіл. Алдын ала қалыпты қысым кезінде қақпақпен жабылған ыдыс үлгісін вакуумды камераға орналастырады, суға батырып, камера ішінде қажетті вакуум өлшеу қысымын жасайды және 1-суретте берілген сызбанұсқаға сәйкес ауа көпіршіктерінің бар-жоғы бойынша ыдыстың қымтақсыздық орнын анықтайды.



1 - вакуумды камера; 2 - вакуумды камераның қақпағы; 3 – вакуум өлшегіш; 4 – ыдыстың алынбалы орнықтырғышы; 5 – ыдыстың үлгісі

1-сурет


2-тәсіл. Ыдыс үлгісінде технологиялық жарақтандыру арқылы ауаның қажетті артық қысымын жасайды, ыдысты су қабаты асында камераға орналастырады және 2-суретте берілген сызбанұсқаға сәйкес ауа көпіршіктерінің бар-жоғы бойынша ыдыстың қымтақсыздық орнын анықтайды.



1 - сынақ камерасы; 2 - тірек; 3 – ауа беруге арналған шлангісі бар тірек; 4 - манометр; 5 – нығыздағыш астар

2-сурет


3-тәсіл. Үлгінің жіктерін сабын ерітіндісімен майлайды, ыдыстың үлгісінде технологиялық жарақтандырудың көмегімен ауаның қажетті артық қысымын жасайды және 3-суретте берілген сызбанұсқаға сәйкес сабын ерітіндісімен майланған жерлердегі ауа көпіршіктерімен (сабын көпіршігі) ыдыстық қымтақсыздық орындарын анықтайды.



1 – ауа қысымын өлшейтін манометр; 2- пневможүйенің краны; 3- ауа көпіршіктері; 4 – сабын ерітіндісі; 5 –малярлық жаққыш; 6 – ыдыстың үлгісі

3-сурет


4-тәсіл. Ыдыс үлгісінде технологиялық жарақтандыру арқылы ауаның қажетті артық қысымын жасайды және 4-суретте берілген сызбанұсқаға сәйкес уақыттың белгілі бір аралығында манометрмен ыдыс ішіндегі ауа қысымының өзгеруін анықтайды.



1 – ауа қысымының манометрі; 2 – пневможүйенің краны; 3 – сыналатын ыдыстағы ауа қысымын өлшеуге арналған бақылау манометрі; 4 – ыдыстың үлгісі

4-сурет

5-тәсіл. Ыдыстың үлгісінің тұрқына немесе қақпағына жалғастықты ойып орнатады, үлгінің жіктерін және тығындау құралдарын сабын ерітіндісімен майлайды, үлгіде технологиялық жарақтандыру арқылы ауаның қажетті артық қысымын жасайды және 5-суретте берілген сызбанұсқаға сәйкес сабын ерітіндісімен майланған жерлердегі ауа көпіршігімен (сабын көпіршігімен) ыдыстың қымтақсыздық орындарын анықтайды.




1 – ауа қысымының манометрі; 2 – пневможүйенің краны; 3 – ойып орнатылған жалғастық; 4 – сабын ерітіндісі; 5 – ауа көпіршігі; 6 – ыдыс үлгісі

5-сурет

4.2.3 Сынаманы гидравликалық қысымына сынау әдісі

Ыдыс үлгісінде технологиялық жарақтандыру арқылы ауаның қажетті артық қысымын жасайды және 6-суретте берілген сызбанұсқаға сәйкес судың ағуы пайда болу бойынша қымтақсыздық орындарын анықтайды.



1 – су қысымының манометрі; 2 – гидрожүйенің краны; 3 – сыналатын ыдыстағы ауа қысымын өлшеуге арналған бақылау манометрі; 4 – ыдыстың үлгісі

6-сурет

5 Қауіпсіздік талаптары

5.1 Қымтақтығына және гидравликалық қысымына сынақтар жүргізген кездегі қауіпсіздік талаптары - ГОСТ 22.2.04 және сынақ жабдығы мен бақылау құралына арналған паспорттарға сәйкес.

5.2 Ауаның артық ауа қысымы 50 кПа (0,5 кгс/см^2) артық болғанда, ыдыстың қымтақтығын сынау кезіндегі қауіпсіздік талаптары нақты түрі бар ыдыстарға арналған нормативтік құжаттарда белгіленеді.

5.3 Судың қысымы250 кПа (2,5 кгс/см^2) артық болғанда, ыдыстың гидравликалық қысымын сынау кезіндегі қауіпсіздік талаптары нақты түрі бар ыдыстарға арналған нормативтік құжаттарда белгіленеді.

5.4 Судың қысымы 500 кПа (5,0 кгс/см^2) артық болғанда, гидравликалық қысымын сынауға рұқсат етілмейді.

6 Үлгілерді іріктеу

6.1 Ыдыс үлгісінің саны стандартта немесе нақты түрі бар ыдыстарға арналған басқа да нормативтік құжаттарда көрсетілгенге сәйкес келуге тиіс.

Егер стандартта немесе ыдысқа арналған басқа нормативтік құжаттарда үлгілер саны көрсетілмесе, қымтақтығына сынаған кезде кемінде 6 үлгі және гидравликалық қысымына сынаған кезде кемінде 3 үлгі іріктеледі.

7 Сынақтар жүргізуге дайындық

7.1 Сынақтарды жүргізу шарттары стандарттарда және ыдысқа арналған басқа нормативтік құжаттарда белгіленеді. Сынақтар жүргізу шарттары көрсетілмеген жағдайда мыналар анықталады:

- қоршаған ауаның температурасы - (293 ± 10) К [(20 ± 10) °С];
- ауаның салыстырмалы ылғалдылығы - (65 ± 20) %;
- атмосфералық қысым - (100 ± 4) кПа [(750 ± 30) мм сын.бағ.].

Бақылаған кезде (қымтақтығын сынау әдісінің 4-тәсілі) сыналатын ыдысқа тікелей күн сәулесінің түсуіне рұқсат етілмейді.

7.2 Егер сынау және өлшеу құралдары сынақ басталғанға дейін белгіленгеннен ерекшеленетін жағдайларда тұрған болса, оларды белгіленген жағдайда кемінде 2 сағ. ұстайды.

7.3 Ыдыстың үлгілерін кондиционирлеу шарттары стандарттарда және ыдысқа арналған басқа нормативтік құжаттарда белгіленеді. Егер стандарттарда немесе нақты ыдысқа арналған басқа нормативтік құжаттарда кондиционирлеу режимі айтылмаса, үлгілер ГОСТ 21798 4-режімі бойынша кондиционирленеді.

Кондиционирлеу уақыты - (20 ± 2) °С температурада және (65 ± 5) % салыстырмалы ылғалдылық кезінде 3 сағаттан кем емес.

7.4 Металл ыдыс кондиционирленбейді.

7.5 Сыналатын ыдыстың үлгісі тығынын, қақпағын, нығыздау сақинасын, астарды және т.б. қоса алғанда жиналуға тиіс.

7.6 Ыдыстың жекелеген түрлеріне сынақ жүргізген кезде егер тек қана стандартты құрылғыларды қолданып сынақ жүргізу мүмкін болмаса, арнайы дайындалған технологиялық қақпақтарды, тығындарды пайдалануға рұқсат етіледі.

7.7 Әрбір үлгіге реттік нөмір беріледі.

8 Сынақ жүргізу тәртібі

8.1 Қымтақтығын сынауды жүргізген кезде сыналатын үлгінің ішкі қуысында 1 – 5 сынау тәсілдерімен ауаның артық қысымын жасайды.

Ауаның артық қысымын 0,05 бастап 50 кПа (0,05 бастап 0,5 кгс/см^2 дейін) мәндер қатарынан таңдайды және ыдыстың нақты түріне арналған нормативтік құжаттарды белгіленеді.

Сұйық және қатты (ұнтақ тәрізді, паста тәрізді) қауіпті жүктерге арналған ыдыстар үшін ГОСТ 26319 бойынша I орау тобы, қымтақтығын сынауды 30 кПа (0,3 кгс/см^2) кем емес ішкі артық қысым кезінде жүргізеді; ГОСТ 26319 бойынша II орау тобының сұйық және қатты жүктері - 20 кПа (0,2 кгс/см^2) кем емес.

Егер ыдыстың нақты түріне арналған нормативтік құжаттарда артық қысым көрсетілмесе, ыдыстың үлгісін 20 кПа (0,2 кгс/см^2) тең артық қысым кезінде сынайды.

8.2 Гидравликалық қысымын сынаған кезде сыналатын үлгінің ішкі қуысында судың артық қысымын жасайды.

Судың артық гидравликалық қысымын 100 бастап 500 кПа дейінгі (1 бастап 5 кгс/см^2 дейінгі) мәндер қатарынан таңдайды және ыдыстың нақты түріне арналған нормативтік құжаттарда белгіленеді.

Сұйық қауіпті жүктерге арналған ыдыс ГОСТ 26319 бойынша I орау тобы үшін 250 кПа (2,5 кгс/см^2) кем емес; ГОСТ 26319 бойынша II және III орауы тобы үшін 100 кПа (1 кгс/см^2) кем емес ішкі гидравликалық қысымға шыдауға тиіс.

Егер ыдысқа арналған нормативтік құжаттарда артық гидравликалық қысымының мәні белгіленбесе, сынақты 100 кПа (1 кгс/см^2) қысым кезінде жүргізеді.

8.3 Қымтақтығын сынауды жүргізу.

8.3.1 1-тәсіл бойынша:

- ыдыстың үлгісін қалыпты қысым кезінде қақпақпен жабады;
- үлгіні органикалық шыныдан жасалған вакуумды камераға орналастырады және орнықтырғыштың көмегімен бекітеді, вакуумды камераның қақпағын жабады, үлгі толық батқанға дейін камераға су береді;

- вакуумды камерадағы қысымды ыдысқа арналған нормативтік құжаттарда көрсетілген мәнге дейін төмендетеді;

- берілген қысымда ыдыстың үлгісін ыдысқа арналған нормативтік құжаттарда көрсетілген уақыт ішінде ұстайды, нұсқау болмаған кезде ыдыстың үлгісін 30 секунд бойы ұстайды;

- ұстаудың барлық уақыты ішінде ыдыстың үлгісін көзбен шолып бақылайды (ыдыстан шығатын ауа көпіршігінің ықтимал пайда болуын бақылау).

8.3.2 2-тәсіл бойынша:

- қалыпты жағдайда қақпағы жабылмаған ыдыс үлгісін стендің қыспақты құрылғысына орналастырады;

- стендің сынақ ваннасын сумен толтырады және ыдыс үлгісін суға толық батырады;

- технологиялық жарақтандыруды қолданып ыдыстың үлгісінде ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген ауаның артық қысымын жасайды;

- берілген қысым кезінде ыдыстың үлгісін ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген уақыт ішінде ұстайды; егер уақытты көрсету жоқ болса, ыдыс үлгісін 30 секунд бойы ұстайды;

- ұстаудың барлық уақыты ішінде ыдыстың үлгісіне көзбен шолып бақылауды жүзеге асырады.

8.3.3 3-тәсіл бойынша:

- ыдыстың үлгісін оның бетіне еркін қол жетімділікті қамтамасыз етіп, стендің тұғырығына орналастырады және эталон қақпақпен (тығын) жабады;

- ыдыстың үлгісін майлау үшін су мен шаруашылық сабынының 30 %-дық ерітіндісін дайындайды (қажет жағдайда ыдысқа арналған нормативтік құжаттарда сабынның пайыздық мөлшері мен сабын ерітіндісі концентрациясының басқа мәндері белгіленуі мүмкін);

- ыдыстың үлгісінің жігіне сабын ерітіндісін жаққышпен жағады;

- технологиялық жарақтандыруды қолданып ыдыстың үлгісінде ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген ауаның артық қысымын жасайды;

- берілген қысым кезінде ыдыс үлгісі ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген уақыт ішінде ұстайды; уақыт көрсетілмеген кезде ыдыстың үлгісін 30 секунд бойы ұстайды;

- ұстаудың барлық уақыты ішінде ыдыстың үлгісіне көзбен шолып бақылауды жүзеге асырады (ыдыстан шығатын ауаның сабын көпіршіктерінің ықтимал пайда болуын бақылау).

8.3.4 4- тәсіл бойынша:

- ыдыстың үлгісін ыдыстың бетіне еркін қол жетімділікті қамтамасыз ете отыра, стенд тұғырығына орналастырады және пневможүйеге қосылған эталон қақпақпен (тығынмен) жабады;

- технологиялық жарақтандыруды қолданып ыдыстың үлгісінде ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген ауаның артық қысымын жасайды, қысымын бақылауды бақылау манометрі бойынша жүзеге асырады;

- берілген қысым кезінде ыдыс үлгісі ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген уақыт ішінде ұстайды; уақыт көрсетілмеген кезде ыдыстың үлгісін 1-кестеде көрсетілген уақыт ішінде ұстайды;

1 -к е с т е – Көліктік ыдыс үлгілерін қысым асты ұстау уақыты

Ыдыстың сыйымдылығы, дм	Ұстау уақыты, мин
50 дейін қоса алғ.	5
50 » 100 » жоғары	10
» 100 » 200 »	15
» 200	20

- Ыдыс үлгісінің қымтақтығын өлшеп бақылап (белгіленген уақыт біткен кезде бақылау манометрінің көрсеткіштерін тіркейді) жүзеге асырады.

8.3.5 5 -тәсіл бойынша:

- ыдыс үлгісінің қақпағына немесе тұрқына жалғастықты ойып орналастырады және ыдыстың бетіне еркін қол жетімділікті қамтамасыз ете отыра стенд тұғырығына үлгіні орналастырады;

- ыдыстың үлгісін майлау үшін су мен шаруашылық сабынының 30 %-дық ерітіндісін дайындайды (қажет жағдайда ыдысқа арналған нормативтік құжаттарда сабынның пайыздық мөлшері мен сабын ерітіндісі концентрациясының басқа мәндері белгіленуі мүмкін);

- жаққышпен ыдыс үлгісінің жігіне және тығындау құралдарына сабын ерітіндісін жағады;

- технологиялық жарақтандыруды қолданып ыдыстың үлгісінде ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген ауаның артық қысымын жасайды;

- берілген қысым кезінде ыдыс үлгісін ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген уақыт ішінде ұстайды; уақыты көрсетілмеген кезде ыдыстың үлгісін 30 секунд бойы ұстайды;

- ұстаудың барлық уақыты ішінде ыдыстың үлгісіне көзбен шолып бақылауды жүзеге асырады (ыдыстан шығатын ауаның сабын көпіршіктерінің ықтимал пайда болуын бақылау).

8.4 Гидравликалық қысымына сынақ жүргізу:

- ыдыстың үлгісін ыдыстың бетіне еркін қол жетімділікті қамтамасыз ете отыра, стенд тұғырығына орналастырады, толық сыйымдылыққа дейін сумен толтырады, су беру жүйесіне қосылған эталон қақпақпен (тығынмен) жабады;

- технологиялық жарақтандыруды қолданып ыдыстың үлгісінде ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген артық гидравликалық қысымды жасайды;

- берілген қысым кезінде ыдыстың үлгісін ыдысқа арналған нормативтік құжатта көрсетілген уақыт ішінде ұстайды; уақыты көрсетілмеген кезде ыдысты үлгісін 5 минут бойы ұстайды;

- ұстаудың барлық уақыты ішінде ыдыстың үлгісіне көзбен шолып бақылауды жүзеге асырады (ыдыстың қымтақсыздығы орындарында су ағынының пайда болуын бақылайды).

9 Өлшеулердің рұқсат етілген қателігі

9.1 Қымтақтығын сынау кезінде өлшенетін мәннен рұқсат етілген қателік ± 4 % аспауға тиіс.

9.2 Гидравликалық қысымын сынау кезінде өлшенетін мәннен рұқсат етілген қателік ± 1,5 % аспауға тиіс.

10 Сынақ нәтижесі

10.1 Қымтақтығын сынау әдісі

1, 2-тәсілдер. Ыдыстан үздіксіз ауа көпіршігі шыққан кезде ыдысты қымтақсыз деп санайды.

3 -тәсіл. Ыдыстың бетінде үздіксіз пайда болған ауа көпіршіктері (сабын көпіршіктері) бар болса ыдысты қымтақсыз деп санайды.

4-тәсіл. Бақылау манометрінің көрсеткіштері бойынша (бастапқы және соңғы қысымның) (1) формуласы бойынша Р, % ауа қысымының өзгеруін есептейді:

$$\Delta P = \frac{P_н - P_к}{P_н} \cdot 100 \qquad (1)$$

мұндағы $P_н$ – бастапқы қысым, кПа (кгс/см^2);

Рк – соңғы қысым, кПа (кгс/см^2).

Егер берілген мәнге қол жеткізілгеннен кейін қысымның өзгеруі 5 % асса қымтақсыз деп, 5 % аспаса қымтақты деп санайды.

5- тәсіл. Ыдыс бетінде үздіксіз пайда болатын ауа көпіршіктері (сабын көпіршіктері) бар болса және ауа қысымы түскен кезде ыдысты қымтақсыз деп санайды.

10.2 Ыдыстың гидравликалық қысымын сынау әдісі

Ыдыстың ішкі қуысынан судың ағуы және қысым түсуі бар болса ыдысты гидравликалық қысымды сынауға шыдамады деп санайды.

Судың ағуы мен қысым түсуін тудырмайтын ыдыстың пішін өзгерісіне рұқсат етіледі.

10.3 Ыдыстың әрбір үлгісін қымтақтығы мен гидравликалық қысымына сынау бір рет жүргізіледі.

11 Сынақ нәтижелерін рәсімдеу ережесі

11.1 Сынақ нәтижелері ішінде мынадай ақпараты бар:

- кәсіпорын (ұйым) атауы;
- нормативтік құжат бойынша ыдыстың түрі, типі, нөмірі, өлшемдері, құрастырылымы, қосу және тығындау құралдарын қоса алғанда үлгілердің сипаттамасы, стандарттың белгіленуі немесе ыдыс жасалған басқа да нормативтік құжаттар;
- үлгілердің түскен күні;
- үлгілер саны;
- сынақтың жүргізілген күні;
- осы стандарттың белгіленуі;
- ыдыстың үлгілерін сынау әдісі;
- сынақ стендінің типі және стендін аттестаттау актісінің нөмірі;
- кондиционирлеу шарттары;
- сынау шарттары;
- сыналатын үлгінің нөмірі;
- бақылау құралының типі, маркасы және тексерілген күні;
- сынау қысымы және үлгіні қысым астында ұстау уақыты;
- әрбір үлгінің сынақ нәтижесі;
- әрбір үлгінің және сыналатын топтамадан алынған жарамды үлгілер пайызын қоса алғанда, барлық таңдаманы сынау нәтижелері бойынша қорытындысы;
- сынақты жүргізген тұлғалардың қолдары бар хаттамамен рәсімделеді. Хаттаманың нысаны В қосымшасында көрсетілген.

А қосымшасы
(ұсынылатын)

Сынау, бақылау құралдары және ыдысты сынау үшін қолданылатын қосымша құрылғылар

А.1 кесте

Сынау түрі	Бақылау түрі	Сынау жабдығы	Бақылау құралы	Қосымша жабдықтар мен материалдар	Сыналатын ыдыс
1	2	3	4	5	6
Қымтақтығын сынау әдісі (1-тәсіл)	Көзбен шолу	Сыртқы қысымын төмендету тәсілімен ыдыстың қымтақтығын сынауға арналған стенд (СИТПнГУ үлгісі № ЕУЮК 38.00.00.ПС) (Б қосымшасының Б.1 суретін қараңыз)	0,1 МПа (1 кгс/см^2) өлшеу шегі бар, дәлдік класы 0,4; 0,6 (ВО 160 типті- 1 кгс/см2 -0,4) ГОСТ 2405 бойынша вакуум өлшегіш. Секунд өлшегіш СОПРпр-2а-3	0,1 МПа (1 кгс/см^2) кем емес вакуум жасайтын вакуум сорғы Су	Металл, полимер тұтынушы ыдысы (банка, бөтелке) және тығындау құралдары
Қымтақтығын сынау әдісі (2-тәсіл)	Көзбен шолу	Ішкі қысымын арттыру тәсілімен ыдыстың қымтақтығын сынауға арналған стенд (СИТПнГ үлгісі № ЕУЮК 26.00.00.ПС) (Б қосымшасының Б.2 суретін қараңыз)	0,1 МПа (1 кгс/см^2) өлшеу шегі бар, дәлдік класы 0,4 (МО типті 160 - 1 кгс/см^2 - 0,4) ГОСТ 2405 бойынша манометр . Секунд өлшегіш СОПРпр-2а-3	0,1 МПа (1 кгс/см^2) кем емес қысым жасайтын, стенд құрамындағы сығымдағыш. Су	Тұтынушы ыдысының (банка, бөтелке), көліктік ыдыстың (фляг, канистр) тұрқының жіктері


А.1 кестесінің жалғасы

Қымтақтығын сынау әдісі (3-тәсіл)	Көзбен шолу	Ішкі қысымын арттыру тәсілімен ыдыстың қымтақтығын сынауға арналған стенд (СИТТнГ үлгісі № ЕУЮК 25.00.00.ПС) (Б қосымшасының Б.3 суретін қараңыз)	0,1 МПа (1 кгс/см^2) өлшеу шегі бар, дәлдік класы 0,4 (МО типті 160 - 1 кгс/см^2 - 0,4) ГОСТ 2405 бойынша манометр . Секунд өлшегіш СОПРпр-2а-3	0,1 МПа (1 кгс/см^2) кем емес қысым жасайтын, стенд құрамындағы сығымдағыш. Шаруашылық сабыны. Малярлық жаққыш. Су	Көліктік ыдыстың тұрқының (бөшке, барабан, фляг, канистр) жіктері
Қымтақтығын сынау әдісі (4-тәсіл)	Өлшеу	Ішкі қысымын арттыру тәсілімен ыдыстың қымтақтығын сынауға арналған стенд (СИТТнГ үлгісі № (УЮК25.00.00.ПС) (Б қосымшасының Б.3 суретін қараңыз)	0,1 МПа (1 кгс/см^2) өлшеу шегі бар, дәлдік класы 0,4 (МО типті 160 - 1 кгс/см^2 - 0,4) ГОСТ 2405 бойынша манометр . Секунд өлшегіш СОПРпр-2а-3	0,1 МПа (1 кгс/см^2) кем емес қысым жасайтын, стенд құрамындағы сығымдағыш. Редуктор. Шлангілер	Көліктік ыдыс (бөшке, барабан, фляг, канистр)
Қымтақтығын сынау әдісі (5-тәсіл)	Көзбен шолу	Ішкі қысымын арттыру тәсілімен ыдыстың қымтақтығын сынауға арналған стенд (СИТТнГ үлгісі № ЕУ ЮК25.00.00.ПС) - Б.3 сурет	0,1 МПа (1 кгс/см^2) өлшеу шегі бар, дәлдік класы 0,4 (МО типті 160 - 1 кгс/см^2 - 0,4) ГОСТ 2405 бойынша манометр . Секунд өлшегіш СОПРпр-2а-3	0,1 МПа (1 кгс/см^2) кем емес қысым жасайтын, стенд құрамындағы сығымдағыш. Шаруашылық сабыны. Малярлық жаққыш. Редуктор. Су. Шлангілер	Көліктік ыдыстың (бөшке, барабан, фляг, канистр) жіктері және тығындау құралдары

А.1 кестесінің соңы


Гидравликалық қысымын сынау әдісі	Көзбен шолу	Ішкі қысымын арттыру тәсілімен ыдыстың қымтақтығын сынауға арналған стенд (СИТТнГ үлгісі № ЕУЮК 25.00.00.ПС) (Б қосымшасының Б.3 суретін қараңыз)	0,1 МПа (1 кгс/см^2) өлшеу шегі бар, дәлдік класы 0,4 (МО типті 160 - 1 кгс/см^2 - 0,4) ГОСТ 2405 бойынша манометр . Қателігі ± 0,5 с (СОПР 2а) секунд өлшегіш	0,6 МПа (6 кгс/см^2) кем емес су қысымын жасайтын сорғы. Шлангілер	Көліктік ыдыс (бөшке, барабан, фляг, канистр)
Е с к е р т п е - *Өлшеу құралдары ҚР СТ 2.21 сәйкес типін бекіту немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне енгізілуге және ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырып тексерілуге тиіс.* *Сыртқы әсер етуші факторларды немесе жүктемені нормалауды шығаратын сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестатталуға тиіс.*					

Б қосымшасы
(ұсынылатын)




1 – жұмыс үстелі; 2 – басқару тетігі; 3 – вакуум өлшегіш; 4 –вакуумды камера; 5 – ыдыстың алынбалы орнықтырғышы

Б.1 сурет – Ыдысты вакуум асты қымтақтығына сынауға арналған стендтің сызбанұсқасы



1 –жұмыс үстелі; 2 –басқару тетігі; 3 – манометр; 4 – тығыздағыш астар; 5 –ыдыстың сыналатын үлгісін қысуға арналған шымшуыр (таяныш); 6 – шымшуырды көтеру қолсабы; 7 – сынау ваннасы

Б.2 сурет– Ыдысты қысым асты қымтақтығына сынауға арналған стендтің сызбанұсқасы



1 – бәсеңдеткіш; 2 - сақтандырғыш пневмоклапан; 3 - сорғы; 4 - рама;
5 – эталон қақпағы (тығын); 6 – гидрожүйенің краны; 7 – пневможүйенің краны; 8 - тұғырық; 9 – сыналатын ыдыс; 10 – суға арналған бак;
11 – гидрожүйенің жалғастығы; 12 – гидрожүйенің манометрі; 13 - пневможүйенің манометрі; 14 – пневможүйенің жалғастығы

Б.3 сурет- Ыдыстың қымтақтығын және гидравликалық қысымын сынауға арналған стендтің (әмбебап) сызбанұсқасы

В қосымшасы
(ұсынылатын)

Сынақ хаттамасының нысаны

Бекітемін
Кәсіпорын (ұйым) басшысы

_____ _____
қолы Т.А.Ә.

№ сынақ хаттамасы

Кәсіпорын (ұйым) _____

Ыдыс

_____
түрі, типі, НҚ бойынша нөмірі, өлшемі, құрастырылымы, қосу немесе тығындау құралы,

_____
Стандарттың немесе басқа нормативтік құжаттың белгіленуі

Үлгілердің түскен күні _____

Үлгілер саны _____
дана

Сынақты жүргізген күні _____
күні, айы, жылы

Стандарттың белгіленуі _____
Сынақ әдісіне арналған стандарттың белгіленуі

Сынау әдісі _____

Сынақ стенді _____
атауы, аттестаттау актісінің №

Кондиционирлеу шарттары _____

Сынақ шарттары _____

Үлгінің нөмірі	Бақылау құралы		Сынақ қысымы, кПа (кгс/см)	Ұстау уақыты, с немесе мин	Сынау нәтижесі	Ескертпе
	Типі, маркасы	Тексерген күні (күні, айы, жылы)				

Сынақ нәтижесі бойынша қорытынды _____

_____

Сынақ жетекшісі _____
Қолы Т.А.Ә.

Орындаушы _____

ӘОЖ 798.1.001.4:006.354 **МСЖ 55.020**

Түйінді сөздер: ыдыс, қымтақтық, гидравликалық қысым, сынақ әдістері, сынау тәсілдері, бақылау түрі, сынау құралдары, бақылау құралдары

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАРА

Методы испытаний на герметичность и гидравлическое давление

СТ РК ГОСТ Р 51827-2008

ГОСТ Р 51827-2001 Тара.
Методы испытаний на герметичность и гидравлическое давление (IDT)

Издание официальное

Комитет по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН ТОО «АлматыОблСпецМонтаж».

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 04 декабря 2008 года № 621-од.

3 Настоящий стандарт идентичен национальному стандарту Российской Федерации ГОСТ Р 51827-2001 «Тара. Методы испытаний на герметичность и гидравлическое давление». При этом дополнительные положения, учитывающие потребности национальной экономики Республики Казахстан, приведены в разделе 2, приложении А, которые выделены курсивом.

4 В настоящем стандарте реализованы нормы Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании».

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ **2013 год**
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ **5 лет**

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	2
4	Средства испытаний, контроля и вспомогательные устройства	2
5	Требования безопасности	6
6	Отбор образцов	6
7	Подготовка к проведению испытаний	7
8	Порядок проведения испытаний	7
9	Допустимая погрешность измерений	10
10	Результаты испытаний	10
11	Правила оформления результатов испытаний	11
Приложение А (рекомендуемое). Средства испытаний, контроля и вспомогательные устройства, применяемые для испытаний тары		12
Приложение Б (рекомендуемое)		15
Приложение В (рекомендуемое). Форма протокола испытаний		17

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАРА

Методы испытаний на герметичность и гидравлическое давление

Дата введения 2009-07-01

1 Область применения

Настоящий стандарт распространяется на тару, используемую для упаковывания, транспортирования и хранения продукции промышленного и бытового назначения, в том числе пищевой и химической продукции, и устанавливает методы испытаний тары на герметичность и гидравлическое давление.

Методы предназначены для контроля герметичности и гидравлического давления следующих видов тары:

- банок металлических и полимерных (контроль герметичности);
- бутылок и бутылей полимерных (контроль герметичности);
